



«БЕКІТЕМІН»
 Қожа Ахмет Ясауи атындағы
 Халықаралық қазақ-түрік университетінің
 президенті У.С.Абдибеков
 « 09 » _____ 2015 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ УЕ-ХҚТУ-004-2015

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлегендер - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Төлеп Ә.
 - Жұмысқа орналастыру орталығының басшысы Мухиддинова С.
3. Келісілді Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Ахметов Б.
 Құқықтық және экономикалық қадағалау басқармасының басшысы Әбсеметов А.
 - Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының басшысы Дарибаев Ж.
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2015 ж.
5. Тексерілу мерзімі 2017 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-004-2015
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		6 беттің 2-ші беті

МАЗМҰНЫ

Мазмұны

1. Қолдану саласы	2
2. Жалпы мәлімет	3
3. Кеңестің заңды мәртебесі	3
4. Кеңес құрылымы	3
5. Кеңес қызметінің мақсаты мен бағыттары	3
6. Жұмыс берушілер Кеңесінің университеттен сайланған мүшелері	4
7. Қорытынды	4
8. Танысу парағы	5
9. Өзгерістерді тіркеу парағы	6

Ahmet Yasaui University

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-004-2015
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		6 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Жұмыс берушілер Кеңесі» (әрі қарай «Кеңес») қоғамдық ұйымының құрамын жасақтау және оның өкілеттілігін жүзеге асыру шарттары мен тәртібін белгілейді.

1.2 Бұл ережені университет Жұмыс берушілер Кеңесі мен мүшелері пайдалануы тиіс.

2. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

2.1 «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Жұмыс берушілер Кеңесі» (әрі қарай «Кеңес») қоғамдық ұйым болып табылады.

2.2 Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасы заңдары мен осы Ереже негізінде жұмыс атқарады.

3. КЕҢЕСТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

3.1 Кеңес мүшелері өз қызметін негізгі қызметіне қоса қоғамдық бастама ретінде атқарады.

4. КЕҢЕС ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1 Кеңестің жоғарғы басқару органы Кеңес мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Жалпы жиналыс ең кемінде бір жылда бір рет шақырылады.

4.2 Кеңес президенті бес жылға Кеңес шешімімен тағайындалады және орнынан босатылады.

4.3 Кеңес шешімдері жалпы жиналыста қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Берілген дауыстар тең болған жағдайда Кеңес төрағасының дауысы басым болып табылады. Егер Кеңес мүшесі немесе бірнеше мүшелер қабылданған шешімге қарсы болған жағдайда өз пікірлерін айтуға құқылы. Кеңес шешімдері хаттама негізінде рәсімделеді.

5. КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

5.1 Кеңес жұмысының негізгі мақсаты Ахмет Ясауи университетінің бәсекеге қабілетті жоғарғы деңгейлі мамандарды дайындайтын орталық ретінде дамуына және заман талабына сай мамандарды жұмысқа тарту жүйесін қалыптастыруға көмек көрсету болып табылады.

5.2 Кеңес жұмысының негізгі бағыттары:

- Кәсіби іс-тәжірибе өткізу базаларын кеңейтуге қолдау көрсету;
- Ғылыми-зерттеу бағдарламалары, халықаралық жобалар, гранттар және басқа да іс-шараларды бірігіп өткізуге қатысу, атсалысу;
- Оқу үдерісіне қатысу, жұмыс берушілермен бірге элективтік курстар жайлы келісім жүргізіп отыру;
- Білім алушылар контингентінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында тренинг, презентациялар ұйымдастыру;
- Жұмыс берушілердің талабына сай білікті маман дайындау мақсатында талдау жұмыстарын жүргізу;
- Жұмыс берушілерді диплом жұмыстарына рецензент және қорытынды аттестациялық комиссия мүшелері ретінде тарту;
- Жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізу, оны сараптау және оның негізінде нақты жүргізілетін әрекеттер ұсыну;
- Еңбек нарығының қажеттілігі мен сұранысын ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына талдау жасау, жақсарту, жетілдіру туралы ұсыныстарын беру;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-004-2015
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		6 беттің 4-ші беті

- Жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша мамандар дайындау;
- Бос орындар Жәрмеңкесіне қатысу;
- Университет білім алушыларының өндірістік және диплом алды іс-тәжірибелеріне сапалы жетекшілікті жүзеге асыру;
- Технологиялық, өндірістік, экономикалық мүмкіндіктер болған жағдайда университеттің білім алушылары мен қызметкерлеріне ғылым зерттеулердің, курстық және дипломдық жобалардың нәтижелерін өндіріске ендіруге ықпал ету;
- Қажеттілік кезінде университетке жұмыс берушінің талаптарына сәйкес дайындық бағыттары мен мамандықтарында оқып жатқан бітіруші түлектері қатарынан кадрлар іріктеу.

6. ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР КЕҢЕСІНІҢ УНИВЕРСИТЕТТЕН САЙЛАНҒАН МҮШЕЛЕРІ

6.1 Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Жұмыс берушілер Кеңесінің мүшелері:

- Университеттің білім беретін барлық субъектілер мүддесі үшін жұмыс атқарады;
- Жұмыс берушілер Кеңесінің жұмысына қоғамдық бастамамен осы Ереже негізінде қатысады;
- Оқу үдерісіне, тәжірибе алу және жұмысқа тұрғызу мәселелері бойынша ұсыныстар береді;
- Білім алушылар үшін презентациялар, түрлі тренингтік, бағдарламалар және басқа да іс-шаралар ұйымдастырады;
- Жұмыс берушілер тарапынан білім алушылардың оқуларына белгілі мөлшерде гранттар бөлінген жағдайда білім алушылардың арасында конкурс жарияланып, түйіндемелеріне қарай әңгімелесу арқылы оқу үлгерімдерін ескере отырып алдағы уақыттарда білімін жалғастыруға, іс-тәжірибеге жіберуге, жұмысқа орналастыруға жұмыс жасайды;
- Іріктелген білім алушыларға Кәсіпорындардың құрылымдық бөлімдерінде іс-тәжірибеден өтуіне мүмкіндік жасайды.

6. ҚОРЫТЫНДЫ

6.1 Ережеге толықтырулар мен өзгерістер Жұмыс берушілер Кеңесінің шешімі арқылы қабылданып, университет президентімен бекітіледі және өзгерістерді тіркеу парағы арқылы рәсімделеді (қосымша 2).

6.2 Жұмыс берушілер Кеңесінің жұмысын тоқтату университет Президентінің және жалпы Кеңес жиыналысының құзырында.

Ереже Сенат мәжілісінде талқыланып, қабылданған (27 маусым 2013 жылы, Хаттама №6).

КЕЛІСІЛДІ:

Оқу-әдістемелік ісі бойынша
вице-президент

Б.Б.Ахметов

Аккредитация, рейтинг және сапа
басқармасының басшысы

Ж.Е.Дарибаев

Құқықтық және экономикалық қадағалау
басқармасының басшысы

А.А.Әбсеметов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-004-2015
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		6 беттің 5-ші беті

ҚОСЫМША 1

Ф-СМБ-004

Танысу парағы

№	Аты-жөні	Қызметі	Мерзімі	Қолы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-004-2015
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Жұмыс берушілер Кеңесінің ережесі		6 беттің 6-ші беті

ҚОСЫМША 1

Ф-СМБ-002

Өзгерістерді тіркеу парағы

№ P/c	Өзгеріс енгізу туралы шешім		Парақ нөмірі				Қағаз саны	Өзгерістерді енгізу мерзімі	Өзгерістерді жүзеге асыратын тұлға
	Құжат	№ бұйрық	Өзгертілген	Ауыстырылған	Жаңа	Есептен шығарылған			Аты-жөні